**ШҚ ББ «Қосалқы мектеп-интернаты» КММ**
**Қамқоршылық кеңес отырысының**
**№3 Хаттамасы**

«30» желтоқсан 2021ж

**1.Күн тәртібінде:**

1.ШҚ ББ «Қосалқы мектеп-интернаты» КММ 2021 жылға арналған бюджет қаржысының жұмсалуы туралы
2.2021-2022 оқу жылынын бірінші жарты жылдындағы оқу-тәрбие жұмысының есебі

**ІІ.Тыңдалды:**

Бірінші сұрақ бойынша ШҚ ББ «Қосалқы мектеп-интернаты» КММ директоры Дуйсенбиев А.Ж. 2021 жылдың бюджеттен бөлінген қаржы есебін берді.

Атап айтқанда:
-еңбек ақы-260249,0 мын теңге
-өтемақы төлемдер-12673,0 мын теңге
-әлеуметтік салық-15360,0 мын теңге
-міндетті әлеуметтік сақтандыру-11984,0 мын теңге
-дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы зге де бұйымдарды сатып алу-26469,0 мын теңге
-жаңар-жағар май-408,0 мын теңге
-байланыс қызметтеріне ақы төлеу-417,0 мын теңге
-өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу-13747,0 мын теңге
-өзге де ағымдағы шығындар-20431,0 мын теңге
-азық-түлік-23593,0 мын теңге
-міндетті сақтандыру-15,0 мын теңге
-сыйақы-10091,0 мын теңге

Өзге де қорларды сатып алуға қаралған мектеп-интернаты тәрбиеленушілеріне кеңсе заттарын, киім-кешек, сүлгілер, гигиеналық жуыунуға арналған заттар, төсек жаймалары, көрпе-төсек, шаруашылық және құрылыс заттары алынды.

Екінші сұрақ бойынша:

2.Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Ш.Шорабек 2021-2022 оқу жылының бірінші жарты жылдығында атқарылған жұмысының есебін берді.

Мектеп-интернаты тақырыбы: «Қосалқы мектеп-интернатындағы балалардың психикасының дамуын психологиялық-педагогикалық тұрғысында зерделеу»

Оқу жылының басында 19 сынып жиынтығынан құралған 138 оқушы қазақ және орыс тілінде білім және тәрбие алды. Оның 6 сынақ мерзімімен келген. Жарты жылдықтың соңында 140 оқушыны құрады. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған (түзету) білім беру ұйымдарының үлгілік оқу жоспары бойынша күнтізбелік жоспарлар құрылып сабақ қашықтықтан өтілді.

Мектеп мұғалімдері В.В. Воронкованың (Ресей) озық әдісі бойынша балаларды 4 топқа бөліп оқытуда. Әр тоқсан соңында 4 топ көрсеткіші бойынша әр сынып бойынша диагностика және мониторинг жүргізіліп отырады.

Әрбір балаға жеке анемнездік (баланың сырқаты жөнінде туылғаннан бастап толық мәлімет) жинау картасы жалғастыруда.

Балалардың сырқаты бойынша мәлімдеме :

Сырқаты

1 Другие органические расстройства личности и поведения в связи с другими заболеваниями с недостаточностью интеллектуально- мнестических функций
76

2 Синдром Дауна 42

3 Элективный мутизм
7

4 Другие органические расстройства личности и поведения обусловленные болезнью травмой и дисфункцией головного мозга с недостаточностью интеллектуально – мнестических функций, эмоционально – волевой неустойчивостью 1

5 Гидроцефальный синдром со снижением интеллектуально – мнестических функций - 3

6 Эпилептиформный синдром со снижением интеллектуально – мнестических функций 4

7 РОП головного мозга со снижением интеллектуально – мнестических функций 1

8 Синдром ВЧГ ( внутричерепная гипертензия) 2
9 Микроцефалия 1
10 Аномалия Арнольда – Киари 3

Балаларды жан-жақты зерттеуде Стотт (Швейцария) картасы . Сонымен қатар әр балаға жеке бақылау күнделігі жүргізілді. Ата-анамен келісім шарт жасалып, жыл сайын толтырылуда. Техника қауіпсіздігі мен еңбек қауіпсіздігі бойынша әр сыныпта журнал толтырылады.

1 Гуманитарлық циклы.
2 Жаратылыстану-математикалық циклы.
3 Әлеуметтік және еңбектік бейімдеу циклдары бойынша апталықтар өткізілді.

Әдістемелік бірлестік жетекшілерімен бірге жаңартылған оқу мазмұны бойынша сабақтардың жүйесін бақылау мақсатында сабақтар (Гуманитарлық циклы бойынша 15 сабақ, Математика-жаратылыстану циклы бойынша 17 сабақ, Әлеуметтік және еңбектік бейімдеу циклы бойынша 14 сабақ, талқыланып, талдаулармен методикалық нұсқау берілді.

Дене еңбегі мәдениетін қалыптастыру мақсатында тәрбиеленушілер арасында сабақтан тыс уақытта дене шынықтыру пәні мұғалімдері, тәрбиешілер және мектеп дәрігерлерінің қатысуымен спорттық сайыстар ұйымдастырылып тұрды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Мыктыбаева 2021-2022 оқу жылының бірінші жарты жылдығында атқарылған жұмысының есебін берді. Қазан айында Ұстаздар мерекесіне ертеңгілікте «Балдырғандар полькасы, Сазсырнай, Мектебім» флешмоб билері, Ұстазым менің, Ұстаз – Ана, Ұстазға құрмет әндері шырқалды.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» аясында Ш. Қалдаяқов атындағы облыстық филармонияда өткен бірнеше концертке қатысты. Әл-Фараби ауданы әкімшілігі, мәдениет бөлімі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Оңтүстік – Цирк КҚММ барды. Қалалық ерікті жастардың ұйымдастыруымен қуыршақ театрына барды.

Тәрбиеленушілеріміз өткен жылдарға қарағанда мәдени орындарға көп барады. Іс-шараларға, түрлі конкурстарға көп қатысады. Жаттау, жаңылтпаштарды жақсы жаттайды. Балалардың диагноздары күрделеніп, IQ және EQ деңгейі төмен (эмоциясы тұрақсыз жаңғалақ) балалар саны көбейгеніне қарамастан тәртіптері жақсы, бұзақы балалар арасында есепте жоқ. Ол мектеп-интернат ұжымының еңбегінің жемісі.

Қаңтардың 9 ауқымды ата-аналар жиналысы өткізілді. Балалар жасаған қол еңбектерінен көрме ұйымдастырылды.

Оқушының даму деңгейін тексеру мақсатында Стотт картасы толтырылып сарапталды.

Бекітілген жоспар бойынша облыстық СПИД орталығы мамандары, жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекторлары, МАИ қызметкерлерінің қатысуымен кездесулер ұйымдастырылды. Мамандар тарапынан ағарту жұмыстары жүргізілді.

Төтенше жағдай кезінде жұмыстары болмай, азық – түліктен қиналып жатқан отбасыларға Қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып көмек берілді.

Мектеп-интернаты директоры Дуйсенбиев Абзал Жолдасбековичтің бастауымен қолдануға ыңғайлы заманауи талапқа сай «Бақылау күнделігі» қолданылып келеді.

«Стол теннисінен» қалалық спорт мектебінің әкімшілігі де жыл бойы біздің тәрбиеленушілеріміздің аптасына үш рет жаттығу жасап тұруына жағдай жасап берді.

Биылғы түлектер саны – 15

2. Тәрбиеленушілердің әлеуметтік статусы:

Жетім балалар – жоқ

Әлеуметтік жетімдер – жоқ
Қамқорлықтағылар – 2
Ата- анасы қамқоршы құқығынан айырылған балалар – жоқ

**Қаулы етті:**
1.Мектеп-интернаты директоры А.Ж.Дуйсенбиевтің 2021 жылға қаралған қаржысының жұмсалу есебі қанағаттарлық деп танылсын.
2.Мектеп-интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Шорабектің және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Мыктыбаеваның есептері қанағаттарлық деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы: _____________ У.У. Келимбетова

Хатшы: ____________ Г.А. Жайлымысова